



Ынтымағы ырыстан, татулығы ұйысқан!

Құттықтау!



Мерейлі мерекеміз құтты болсын!

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр— Қазақстан халқының бірлігі күнімен және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл—еліміздегі әртүрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, бейбітшілік пен келісімде тіршілік етіп жатқанын паш ететін айтулы мереке. Қазақстан халқы Ассамблеясы осы бірліктің берік тұғырына айналып, ел ішіндегі ынтымақ пен өзара түсіністікті нығайтуда маңызды рөл атқарып келеді.

Халқымыздың бірлігі мен татулығы—Тәуелсіз Қазақстанның басты құндылығы. Ел тыныштығының тұңғы бұзылмай, бейбіт елдің берекесін арттырып, алған асуларымыз бен жеткен жетістіктерімізге елімізде өмір сүруші барша ұлт өкілдері өлшеусіз үлес қосып келеді. Бұл жетістікті бағалау, оны сақтау жолында аянбай еңбек ету—әр отандасымыздың қастерлі міндеті.

Қадірлі жерлестер!

Бір шаңырақтың астындағы халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі одан әрі жалғасып, еліміздегі татулық әрдайым берік болып, қашан да ынтымақ, бірлігіміз мәңгі жасай берсін! Әрбір отбасыға амандық, саулық бақыт пен шаттық тілейміз!

М.ТҰРЫСБЕКОВ,
аудан әкімі.
О.ЖӘМИЕВ,
аудандық мәслихат төрағасы.

Қадірлі отандастар! Құрметті Ассамблея мүшелері!

Бүгінгі басқосудың тарихи мән-маңызы айрықша. Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Баршаңызға құтты болсын! Бұл — бүкіл Қазақстан үшін айтулы оқиға. Осы уақыт ішінде Ассамблея қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналды. Этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылды. Соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасты.

Ассамблея тарихы еліміздің егемендік жылнамасымен тығыз астасып жатыр. Ұйым 1995 жылы Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылғанын білесіздер. Бұл бастама қазақ мемлекеттілігі қалыптасып жатқан қиын кезеңде терең саяси мәнге ие болды. Консультативтік-кеңестік орган ретінде жасақталған Ассамблеяға 2007 жылы конституциялық мәртебе берілді. Ұйым жалпыхалттық



Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясында сөйлеген сөзі

бірліктің негізгі моделіне айналды.

Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасамапаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутаты Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел — бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі кемісті сұхбат, яғни, диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр.

Ассамблея сессиясы жыл сайын өтеді. Онда қабылданған шешімдерді мемлекеттік органдар міндетті түрде ескеруге тиіс. Сессиялар аралығындағы жұмысты Ассамблея кеңесі атқарады. Оның құрамына этномәдени бірлестіктердің өкілдері, қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, министрлер мен әкімдер кіреді.

ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыңнан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мем-

лекеттік мекемелері құрылды. Ассамблея құрылымында төрт мыңнан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты — бір, бұл — азаматтармызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыхалттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде.

Бүгін әріптесіміз Ахмед Мурадов және басқа да Ассамблея мүшелері ҚХА ардагерлерінің «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді түрде қатысатынын айтты. Мұндай жұмыстар ұлтымыздың жаңа болмысын қалыптастыруда Ассамблеяның әлеуетін кеңінен қолдануға мүмкіндік беретініне сенімдімін.

«Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мыңдаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

Этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуға маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномедицина институтына тоқталғым келеді.

Соңғы уақытта Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр.

ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақ мерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық

өңірде 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыңнан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы, ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүние жүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе, біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл— ақиқат.

Ассамблея қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысып келеді. Александр Папп Ассамблеяның Жұмысшы мамандықтары жылын өткізуге белсене кіріскенін атап өтті.

Өткен жылы Еңбек күнінде Сенат пен Мәслихат депутаттары Ассамблея мүшелерімен бірге еліміздің ірі кәсіпорындарына барып, өндіріс ардагерлеріне құрмет көрсетті. Бұл бастаманы Еңбек күнін атап өтудің жаңа дәстүрі ретінде биыл да жалғастыруға болады. Осылайша, Ассамблея бүгінде қоғамдық келісімнің бірегей инфрақұрылымын қалыптастырған қуатты тармақтары бар институтқа айналды. Жер жүзінде мұндай бірегей ұйым құра білген мемлекет кемде-кем. Ассамблеяның арқасында еліміздегі барлық этностар Қазақстандағы оң өзгерістердің бел ортасында жүр.

(Жалғасы 4-5 беттерде).

Ассамблеяға-30 жыл



1999 жылы өзінің жеке автокөлігімен Шолаққорған-Түркістан бағына жолаушы тасымалдайтын болды. Сол жылдары Шолаққорған-Түркістан бағытының жолы күрбелең, тастақ, тозығы жеткен соқпақ жолдар еді. Осы жолдарда жүріп, кезінде астындағы ескі есі шыққан «Москвич АЗЛК», «Москвич 412», «Москвич комби» маркалы көліктерімен жолаушы тасымалдайды.

Шолаққорғаннан Ащысайға дейін тастақ соқпақ жолдарының үшкір шақпақ тастары көліктің дөңгелектерін тесіп техникалық шығындар көп болатын еді. Соған қарамастан жолаушы құны небәрі жан басына шаққанда 300 теңгеден тасымалдайды. Осы бейнетпен аз ғана табыстың арқасында отбасын асырап жүрді. Азға қанағат етіп жүргеннің арқасында Алла ісіне береке беріп, 2003 жылы 7 бөлмелі үйдің іргесін қалады. 2005 жылы «Волга» маркалы көлік алып жолаушы тасымалдауды осы көлікпен жалғастырды.

2006 жылы жоғарыда айтылған

Еңбекқор жігіт Әлішер

Аудан жұртшылығы түрі мен түсін танығанымен бұл жолаушы тасымалдаушы Әлішердің есімін білмеуі мүмкін. Оны көбіне «Түркістанның таксиі» дей саламыз ғой. Ал расында жақынырақ таныса түссөңіз Әлішер аңғімешіл жігіт. Жол бойы екі қапталдағы құрылыс болсын, бақшалық болсын бәрін біліп отырады. Өзі айтпақшы онша саясат, үкімет деген тақырыптарға мүлдем жоқ. Онысы өзіне де жақсы ғой. Несі бар босқа басын ауыртып. Біздің жолаушы тасымалдаушы кейіпкеріміз-Жалалов Әлішер Мұратұлы 1973 жылы ақпан айының 14 жұлдызында Шолаққорған ауылында дүниеге келген.

Әкесі Жалалов Мұрат тәжік, анасы Әткейқызы Апыш. Әлішер отбасында тоғыз ағайынды.

Әлішер 1979 жылы аудан орталығындағы Ә.Молдағұлова атындағы №19 жалпы орта мектептің 1 сыныбына барып, табалдырығын атады. Мектеп қабырғасында спорттық жарыстарға қатысып, белсенді оқушылар қатарында оқып, үй шаруасында ата-анасына қолғабыс болып жүрді.

1991 жылы аталмыш орта мектепті бітіреді. Сол жылы қыркүйек айында Татарстан Республикасының астанасы Уфа қаласындағы 2 жылдық әскери бөлімге отан алдындағы борышын өтеуге аттанады.

Алғашқы алты айында әуе жолдары бөлімінде ұшақтарды басқару жөндеу, үйрену, ұшу сабақтарында машықтанып, үйренді.

Әскери бөлімде өзінің оқу-жатығу кезінде алғырлығымен, шапшаңдығымен тез үйреніп алу зейінділігімен көзге түсіп, әскери бөлім басшылығының бірнеше рет марапаттауларына ие болған.

1992 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасының Семей қаласындағы Чаган полигон аймағындағы әскери бөлімге ауыстырылды. Осы әскери бөлімде қалған 1 жыл 4 айын 1993 жылы өтеп келді. Әкесі Мұрат ауданға белгілі, еңбегі сіңген қолынан өнері тамған азамат еді. Әкесінің қасында жүріп ағаш ою, жону, ағаштан бұйымдар жасау цехында жүріп, көп нәрсе үйренді. Әке бойындағы өнерді өзіне меңгерген Әлішер ұсталықпен қатар әскерде үйреніп келген техника жөндеу, түзету мамандықтары бойынша еңбек ете бастады.

1993 жылы болашақ жары Рысқұлова Райхан Мұхамеджанқызын кездестіріп отбасын құрады. Жұбайы Райхан екеуі отбасында екі ұл, екі қыз, бес немере тәрбиелеп отырған бақытты отбасы.

іргетасы қаланған 7 бөлмелі әулім сарайды бітіріп қоныс тойын тойлады. Бұл жылдары жол ақысы 800 теңгеге көтерілген болатын.

Таң қылаң бергеннен жолға шығатын Әлішер бір күні «Волганың» суы қайнап тау ортасында қалып қояды. Жан жағына қараса терең сайда сарылдап ағып жатқан суды көргенімен оған бару алыс болады. Оң жағына қараса тау етегін жылғалап ағып жатқан суды көріп, қуанып кетіп судың бұлақ басынан ағып жатқан шығар деп судың ағысымен жоғарылап барса бұлақ басы жоқ, тек тау етегінен жылғалап ағып жатады. Осы жерден ептеп өзіне қажетті суды алып, көлігіне құйып, жолын жалғастырып кетеді. Кетіп бара жатып «Бұлақ көрсен көзін аш» демекші неге осы бұлақтың көзін ашып, су алуға ыңғайлы етпексе деп ойланып ой үстінде жүреді.

Бір күні әлгі бұлақтың көзін ашпақ болып үйінен күрек, су алуға ыңғайлы құбыр салып алып, Шолаққорған-Түркістан бағына жолаушы тасымалдап барып, қайтып келе жатып жолаушыларға аз-маз бөгеле тұруын өтініп, әлгі бұлақтың көзін ашып, құбырды орнатып кетеді. Бұл жайлы білетін Шолаққорған-Түркістан бағытында жолаушы тасымалдайтын тасымалдаушылардың арасында «Әлішердің бұлағы» деп ататып кеткен. Биылғы жылы да Әлішер сол бұлақтың бойына отбасымен барып демалып, таза ауасын жұтып, балашағаларымен бұлақтың маңайын тазалап қайтуды жоспарлап жүр екен.

Қазіргі таңда аудан орталығы Шолаққорған ауылындағы «Жалғасәлі» автобекетінде заңды түрде жолаушы тасымалдаушы болып, тіркеліп жұмыс жасауда. Осы жолаушы тасымалдау арқасында екі ұл, екі қызын жоғары оқу орындарда оқытып ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырды. Ол 26 жыл бойы Шолаққорған-Түркістан бағытындағы жолаушы тасымалдайтын орта буын ардагер тасымалдаушы десек те болады. Шолаққорған-Түркістан бағытындағы жолаушылардың көбі ардагер тасымалдаушы болғаннан кейін «жолдың қыр-сырын біледі, қауіпсіз» деп жолаушылар әрдайым сеніммен отырады. Әлішердің дәл қазіргі күйбелең тіршілігі де осы жолаушыларды тасымалдау қызметі болып табылады.

Істерінің берекесін берсін!-дейміз аудан орталығындағы жолаушылар тасымалдаушылар ұйымына мерекелік көңіл күйімізді білдіріп.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

«Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан»

АКЦИЯ ЖҮРІП ЖАТЫР

Сәуір айының 20 жұлдызында Созақ аудандық полиция бөлімінің қызметкерлері «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты челлендж-флешмоб форматындағы ауқымды акциясын Аудандық орталық ауруханасына жолдады.

сы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық -зорлық жөніндегі полиция майоры Айжан Манапова 25 сәуір күні аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында Созақ аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің қызметкерлеріне «Отбасында зорлық-



Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық -зорлық жөніндегі полиция майоры Айжан Манапованың ұйымдастырумен Республика көлемінде ағымдағы жылдың 20- сәуір мен 20-маусым аралығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қар-

сы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық -зорлық жөніндегі полиция майоры Айжан Манапованың ұйымдастырумен Республика көлемінде ағымдағы жылдың 20- сәуір мен 20-маусым аралығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қар-

сы зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының әйелдерге қарсы зорлық -зорлық жөніндегі полиция майоры Айжан Манапованың ұйымдастырумен Республика көлемінде ағымдағы жылдың 20- сәуір мен 20-маусым аралығында Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тапсырмасына сәйкес Созақ АПБ ЖПҚБ Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қар-

«Созақ үні»-ақпарат.

"Мейірбандылық-жүректен, қайырымдылық-білектен"

Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы білім беретін мектепте "Мейірбандылық-жүректен, қайырымдылық-білектен" атты қамқорлық (қайырымдылық) кеші ұйымдастырылды.

Іс-шараны 6-сынып жетекшілері жоғары деңгейде ұйымдастырып,

отбасыларға қолдау көрсету, балалардың жүрегіне мейірімділік ұялату болды. Кешке қатысушылар барынша белсенділік танытып, әркім өзінің жүрек жылуын басқалармен бөлісті.

Кеш соңында барлық қайырымдылыққа үлес қосқан жандарға-



оқушылар мен ата-аналардың қатысуымен концерттік бағдарлама өткізілді. Концерт барысында оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, ән шырқап, би билеп, көркем шығармашылық нөмірлер орындады. Қайырымдылық кеші мектеп ұжымының, ата-аналардың және оқушылардың ынтымақтастығы мен бірлігін көрсетті. Мұндай бастамалар оқушыларды тек оқытумен ғана шектелмей, олардың рухани-адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеуде үлкен рөл атқаратыны анық.

Бұл іс-шараның басты мақсаты-әлеуметтік жағдайы төмен, мұқтаж

ұстаздарға, ата-аналарға және оқушыларға зор алғыс білдірілді. Іс-шара әдемі әрі әсерлі кешпен аяқталды.

Мейірімділік-жүректен шығып, үлкен істерге бастайды. Осындай шаралар арқылы балалардың бойында ізгілік пен қамқорлық қасиеттері қалыптасатыны сөзсіз. Мектебіміздің ұжымы бұл бағытта өз жұмыстарын жалғастыра береді.

Мейірімділік әрқашан жүрегімізде!

**Жазира ӘБЛХАЙРОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы ЖББМ
мектептің тарих пәні мұғалімі.**

Ассамблея мерекесі қарсаңында Азербайжан ұлтының қызы Арзу Арифқызына бүгінгі заманның тіл табыстырғыш қаралы қалта телефоны арқылы байланыстым. Бір-бірімізді бұрыннан танитын ағалы-қарындас-тай тез әңгімелесіп кеттік. Оның үстіне сұқбатымыз оның анасы туралы болғандықтан Арзу қарындасым қуана келісті. Алғашқы қуғын-сүргіннің лебі 1930 жылдары басталған аштық болса, сол жылдарыӘзірбайжанның барлық өңірінде бұрын соңды болмаған қолдан ұйымдастырылған аштық, жаппай террорлық әрекеттер, қуғын-сүргін қарқын алды. Халық жауы атанып, қаншама азаматтар жер аударылып, өмірі табаны тимеген, климаты басқа өңірлерге босып жатты. Сондай ұлттардың бірі-азербайжан халқының біршамасы Қазақстан-ның түкпір-түкпіріне жер ауып қоныстанып жатты. Қысы аязды суық, жазы аптапты ыстық, сахаралы шөлді да-

Жақынындай бауырына тартқан ел

ласы бар Созақ ауданына да біразы жер аударылып келеді. 1937 жылы Роза апайдың аталары туған жері, ыстық ұя алтын ауылынан үдере көшіп Қазақстанға Созақ жеріне табан тіреді. Менің аталарым бес ағайынды болады. Олар Алиакбар, Алиаскар, Мехти, Агалы, Аббасали Азизовтар болатын. Алиакбар мен Мехти отбасылы болады. Аббасали қайтыс болып кетеді. Алиаскар мен Агалы Қазақстанға келіп отбасын құрып қазақ қыздарына үйленеді. Ең қасіретті толқын 1937 жылғы жаппай қуғын-сүргін болатын. Қазақ жері әзірбайжан бауырларын жатсынған жоқ. Қайта қышағына басып, үйінің бір бұрышынан жылжып орын берді. Бір нанды бөліп жеді, бір құты сүтті бөліп ішті. Қайғысына ортақтасты. Мұндай жағдай, қуғын-сүргін ылаңы қазақтың басында қара бұлттай үйіріліп, қанды қасап қасіретті өз бастарынан кешіріп жатса да бауыр, туысқан халыққа болысып бақты. Жатсынбаған, жақынындай бауырына тартқан ел деген осы болар.

Аталарымыз айтып отырған әңгімелерді жиі еститінмін. «Созаққа келе жатқанда бізді жүк артатын пойызға артып әкелді. Жаппай аштық белең алған. Қара судың өзі жоқ. Жолда келе жатып аштық пен ұзаққа созылған жол азабынан қарт кісілер мен балалар өліп жатты. Оларды солдаттар пойыздан жолдың шетіне лақтырып тастап кетіп отырды. Әзірбайжандар тоқтап кідірген станцияларда өздерінің салтымен бір уыс топырақпен марқұмдардың бетін жасырудың өзі мұң болды. Жатсынбаған, жақынындай бауырына тартқан ел-қазақ халқына шексіз разымыз» деп аталарымыз айтып өткен екен,-дейді Арзу қарындасым аталар өсиетін өзінің ардақты аманатына балағандай. Арзудың анасы ардақты ұстаз туралы айта кетер болсам Роза Алиакбарқызы 1951 жылы 25 наурызда Жартытөбе ауылында дүниеге келген екен. Ол уақытта Жартытөбе елді мекені Шолаққорған ауылының құрамында болыпты. Роза дүниеге шыр етіп келген күннен бастап ата-анасының көзінің ағы мен қарасындай, ұл орнына ұл, қыз орнына қыз болып ерке, бұла өседі. Әкесі Ибрагимов Алиакбар Кербалай Азизоглы 1917 жылы туылса, анасы Ибрагимова Сакина Гаджимамедқызы 1915 жылы туылыпты. 1937 жылы бар отбасымен Әзербайжан елінің Бабек ауданы, Джагри ауылынан қуғын-сүргінмен жер аударылып келген еді. Роза апай 1969 жылы аудан орталығындағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебін бітіріп, сол жылы Шымкент қаласындағы педагогикалық институттың «қазақ мектептеріне орыс тілінен сабақ беретін ұстаз» мамандығы бойынша оқуға түсіп, 1975 жылы қолына білдей ұстаздық дипломын алып шығады. Роза апай еңбек жолын алдымен Калинин атындағы орта мектепте, одан кейін өзі білім алған Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепте, одан беріде облысымыздың аудан, қалаларындағы орта мектептерде жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беруге бар өмірін арнаған ардақты ұстаз. Роза апай сонымен қатар ауданымыздың комсомолдық жұмыстарына, қоғамдық жұмыстарына, сенбіліктер мен көркемөнерпаздар ұйымында тұрақты белсенділікпен жұмыс жасайды. Оған дәлел ол кісінің сол жылдары алған комсомол, партия, аудан басшылығы тарапынан алған марапаттары куә бола алады. Роза апай 1973 жылы Гурбанов Ариф Магеррамұлына тұрмысқа шығып, өмірге ұл мен қыз әкеледі. Ариф ағамыз аудандық ішкі істер саласында адал қызмет атқарды. Ариф ағамыздың ата-аналары да кешегі зұлмат жылдары қуғын-сүргін құрбаны ретінде біздің елге жер аударылып келген әзербайжан ұлтының өкілдері болатын. Ариф ағамыз бен Роза апайдың Фархад атты ұлы, Арзу есімді қызы бар. Екеуі де отбасылы, жоғары білімді азаматтар. Роза апай 1995 жылы 15 наурызда өмірден озды. Осы сәуір айының басында Роза апайдың шәкірті Алтай ініміз хабарласып, Мақсат аға биыл Ассамблея жылы деп жатырмыз ғой. Осы ауданымызда талай жылдар ұстаздық еткен, оның үстіне бүкіл отбасы осы ауданның өркендеуі мен дамуына, білімі мен денсаулығына, ішкі тәртібіне қызмет жасаған үлкен әзербайжан ұлтының өкілдері бар. Сол туралы жазсаңыз?-деп өтініш жасаған еді. Ұстаздарын ұмытпаған шәкіртке, насын асқақ тұтқан қарындастарымызға. Ұлағатты ұрпаққа алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

Мақсат ҚАРҒАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

Жатырқауды білмеген, жатсынбаған...



Таң алакеуімнен ауданымыздың түкпір-түкпірінен келген жолаушыларды Алматы, Астана, Шымкент, Түркістан-Кентау бағыттарына жөнелтіп, түс қайта қалалардан келген жолаушыларды ауданымыздың шалғайындағы орналасқан елді мекендерді шығарып салатын біздің

осы Әбәди ағамыз. Енді ауданның ары-бері жүретін жолаушылар қауымының баршасы Әбекенді «Әбәди» деп атайды. Негізі құжат тілімен сөйлесек, Гаюпов Әбдіәлі Парманқұлұлы 1959 жылы 15 қараша күні дүниеге келген. 1977 жылы орта мектепті бітірді.

-1978-1980 жылдары аралығында әскери борышымды өтеп келіп, Калинин совхозында қойшы көмекшісі болып еңбек жолымды бастадым. 1981 жылы отау құрып, Айгене елді мекеніне қоныс аударып, құрылысшы болып еңбек еттім.

1992-1996 жылдары аралығында Айгене елді мекенінде №17 орта мектепте денен шынықтыру пәнінің мұғалімі болып жұмыс істедім. 1998 жылы Шолаққорған ауылына қоныс аударып, сол жылдан бері кәсіпкер болып қызмет атқарамын. Аудан көлеміндегі жолаушы тасымалдау қызметіндегі азаматтармен бірге қыстың аязды күндері, жаздың шіліңгір аптапты ыстық күндері аудандық жолаушылар тасымалы саласында қызмет атқарып келеміз,-дейді еңбекқор азамат Әбдіәлі Парманқұлұлы.

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.

Біз кластастар бас қосып отырғанда, кездескенімізде көбіне өзіміздің мектебіміз, ондағы ұстаздарымыз жайлы көп әңгімелер айтамыз. Біздің көңіл көкірегімізге сәуле құйып, биік белестерге жетелеген ұстаздарымызға деген сағынышымызбен бөлісеміз. Сол әкеміз бен анамыздай болып кеткен ұстаздарымыздың мейірімдерімен біздің бала арманымыз биіктерге қанат қағып, жандүниемізді нұрландырып, жүрегімізге шапағат нұрын төгіп келеді. Кез келген шәкірт ұшан-теңіз білім жолына жетелеген ұстазын мақтан тұтады, ұстазының кәсіби тұлғасымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны» деп ұстаздарға арнап айтылған теңеулер бекер тумаса керек. Ұстаз атаулыға құрмет дарытатын мұндай тіпектердің шетсіз де, шексіз ек-



өлмейді» деген тәмсіл бар ғой. Ардақты апайдың ұрпақ үшін жасаған еңбегі ешқашан ұмытылмасы анық. Ең өкініштісі сол апайымыз балаларының, шәкірттерінің қызығын көретін, еткен еңбегімінің жемісінен дәм татар шағында мәңгілік сапарына жол тартты. Әрине, біз әлі күнге дейін Роза апайымызды сағынып аңсаймыз. Ең алғаш киелі алтын ұямыздың табалдырығын аттаған күннен бастап бізге өмір аты даңғылда жетелеп жүрдіңіз. Әрбір шәкірт жанын аялап, қамқорлық көрсетіп, білімнің тереңі мен ең асыл бастауына жетеледіңіз. Сіздің дәрісіңізде пайдалы ақпарат бөлісіп, ой алмасып, пікір алмасып, жазап кездерді бастан өткердік. Роза апай сіз өз біліміңізді шәкірт бойына дарыту арқылы біздің ой-өрісімізді кеңейттіңіз. Білім беру саласына өл-

Білім мен мәдениеттің нағыз Розасы еді

ені белгілі. Әрбір шәкірт жүрегіне жол таба білген қастерлі қажыр-қайратымен белестерге жетелеп, ел сүйіспеншілігіне өзінің аз ғұмырында бөленіп үлгерген аяулы ұстаздарымыздың бірі-әзербайжан ұлтының аяулы қызы, ардақты жан Гурбанова Роза Алиакбарқызы болатын. Ұстаздар қауымы әрбір шәкірт үшін білім сарайының құлпын ашып, мектеп өнегесін өмір өнегесімен ұластырды. Шәкірт үшін, біз үшін, Роза апайдың әрбір айтқан дерегі, әрбір сабағы, кеңесі мен ақылы баға жетпес асыл қазына болатын. Сол қазынамен бойына ілім жиған барша шәкіртіңіз еліміздің дамуына үлес қосып, биік белестерді бағындырып, еңбегіңізді ақтап келеді. Өмірімізге мән үстеген кәсіби тұлғаңыздан тағылым алып, әлі де көмел келешектің құрылысын қалауға біз дайынбыз. Роза апайымызды еске алып, қолымызға қалам алып, естелік жазып біздің де көңіліміз биіктеп, жанымыз ерекше жадырап отыр. Дәл осы ғажап күнде барша шәкірт атынан Роза апайдың рухына шексіз бас игіміз келеді. Сіз бізге білімнің ең асылын үйреттіңіз, ғылымның беймәлім сырын аштыңыз. Білімді, мәдениетті, кішіпейіл, ізетті болуды үйреттіңіз. Мектеп өнегесі сізмен тікелей байланысты. Мектептегі жылдарымызда сізден тәлім алып, көп дүние игердік. Шәкірттік кезең сіздің қамқорлығыңыз бен ба-

ғыттауыңыздың арқасында есте қаларлықтай болды. Сіздің асыл қасиеттеріңіз біз үшін қашан да темірқазық, сіздердің даналықтарыңыз бен сабырлылықтарыңыз бізге өмірлік үлгі болды. Сізбен өткен әрбір сәт біз үшін асыл байлықты өншілегенмен бірдей. Сіздің берген біліміңіз біздің жан дүниемізді кемелдендіріп, жан-жақты болуға әсер етті. Сіздің қажырлы еңбегіңіз бен мейірімді жүрегіңіз біз үшін шексіз. Біз үшін сіз мектеп қабырғасында ғана емес, өмірлік ұстазсыз! Өйткені, сіз біздің өмірде дұрыс жол таңдауымызға, адамгершілік қасиеттерді бағалауға үйреттіңіз. Әрбір шәкіртіңіздің жетістігі-сіздің еңбегіңіздің жемісі. Роза апайдың киім кию мәдениеті қандай еді! кәдуілгі европалық стильде, өзіне көрген кісіні еріксіз тартып тұратын. Апаймен әңгімелескенді, ол кісінің сабағын тыңдай бергенді қалайтынбыз. Біздің кластағы қыздар апайдың сөйлеу мәнерін, киім киісін, жүріс-тұрысын өздеріне үлгі ететін. Және солай да болды. Сабағын мұхият түсіндіретіні соншалық сабақтың соңында өзіне қайтара айтып беретіндей ұғынып алатынбыз. Кейін апай жоғары кластарға сабақ беретін болды. Сол кезде ішіміз ашып кеткен болатын. Біз апайдың өмірден озғанын қалада жүргенімізде есітіп қатты қиналды. Еске алдық, халқымызда «жақсының аты өлмейді, ғалымның хат

шеусіз үлес қосып, ел дамуына атсалыстыңыздар. Балаларға тек білім ғана емес, өмірге деген көзқарас қалыптастыруды, рухани құндылықтарды бағалауды үйреттіңіздер. Сіздің арқаңызда біздер болашаққа сеніммен қарап, үлкен жетістіктерге жетіп жатырмыз. Сіздің бала жүрегіне ұялаған ізгілігіңіз бен біліміңіз өмір бойы бізге бағдаршам болмақ. Берген біліміңіз бен көрсеткен үлгіңіз еліміздің жарқын болашағының негізі, жастардың келешекке қадам басуына үлгі-өнеге. Бала шәкірт көңілінде сізге деген құрмет айрықша. Шәкірт өміріндегі әрбір сәулелі сәт-сіздің еңбегіңіздің айқын дәлелі. Білім жолына нық қадам басқан әрбір талапкер сізден білім алып, өмірде өз орнын тапты. Сіз біздің өмірімізде ерекше орын алып, маңызды рөл атқардыңыз. Білімге деген құштарлығымызды оятып, өмірде дұрыс бағыт таңдауға көмектестіңіз. Сіздің арқаңызда білім тұңғыына терең бойлап, таным көкжиегін кеңейттік. Өмір сырын танып, өркендеу мен өрлеудің жолына түсіп келеміз. Біз қай жерде, қай уақытта жүрмейік ардақты ұстазымызды ешқашан ұмытпақ емеспіз. Көшеде болсын, той жиында болсын Роза апайдың ұлы мен қызын көрсек апайымызды көргендей боламыз. Құдай соларға өмір берсін!

Алтай НӘЛЖІПТОВ,
Шәкірті.

Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл

Қазақстанның Еңбек Ерлері Георгий Прокоп, Владимир Розметов, Юрий Пя, Иван Сауэр, Борис Князев, Алина Соловьёва, Вадим Басин, Александр Хмельёв, Геннадий Зенченко және басқа да тұлғаларды азаматтық жауапкершілік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі деп айтуға болады. Олар – бүгінгі заманның адал азаматтары, Қазақстанның дамуына мол үлес қосқан тұлғалар. Ассамблеяны жанашыр әрі белсенді азаматтардың жолын ашатын шынайы саясат мектебі және тиімді әлеуметтік баспалдақ деуге болады.

Этномәдени бірлестіктерде, Ассамблеяның түрлі құрылымдарында өте білікті мамандар еңбек етуде. Мен жалпыұлттық бірлік пен татулықты нығайту жолында адал қызмет етіп жүрген Ассамблеяның барлық белсенді азаматтарына шынайы алғысымды айтамын.

Туған жерге пайданды тигізем деген алғаусыз ниетті өмірінің мәніне айналдырған олар нағыз отаншылдық пен адал азаматтың үлгісін көрсетті.

Ассамблея Төрағасының қоғамдық орынбасарлары ретінде жыл бойы лайықты еңбек еткен Лугмар Харкиевич Буларов пен Юрий Германович Шинге ризашылығымды білдіремін. Ассамблея Төрағасының орынбасарлары болып жаңадан тағайындалған Дмитрий Валерьевич Останькович пен Расул Сурмалиевич Ахметов – қоғам құрметтейтін абыройлы азаматтар. Олардың білімі мен білігі Ассамблеяға үлкен пайдасын тигізеді деп сенемін.

Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылды. Алайда бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өткім келеді. Ассамблея–мемлекеттімізге арқау болған аса маңызды құрылым. Бұл – Ассамблеяға артылатын жүктің салмағы да жеңіл емес деген сөз. Ұлттық мүдделерімізді қорғап, егемендігімізді нығайту – қастерлі парыз. Мұны Ассамблея мүшелері терең сезінеді деп ойлаймын. Ассамблея барша азаматтарды ортақ құндылықтар мен мақсаттарға жұмылдыратын жалпыхалықтық орган ретінде жұмыс істеуі керек. Басты міндет – Қазақстан халқының татулығы мен ауызбіршілігін, мемлекетіміздің тұтастығы мен киелі Тәуелсіздігімізді нығайту. Алдағы уақытта да солай болып қала бермек. Біз болашақта да осы бағытта нақты шаралар қабылдаймыз. Мен 2022 жылы Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын бекіттім. Оның мерзімі де аяқталып келеді. Сондықтан жаңа қжжатты дайындау жұмысына қазірден бастап кірісу керек, яғни, 2026-2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындау қажет. Тұжырымдаманың жобасында қоғамды ұйыстырып, үйлесімді дамуға жол ашатын жаңа әдіс-тәсілдер көрініс табуы керек. Сондай-ақ Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностардың құқықтарын қорғауға арналған негізгі қағидаттар көрсетілуге тиіс.

Үкімет этносаралық саладағы республикалық және өңірлік жұмыс жоспарының барлығын жан-жақты сараптап, оның тиімділігін арттыруға қатысты ұсыныс енгізуі қажет. Жалпы, ұлт бірлігін нығайтуда барлық мемлекеттік және қоғамдық механизмдерді жетілдіруді жалғастыру керек.

Енді бірқатар маңызды міндеттерге қысқаша тоқталайын.

Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Бұл ғимарат аймақтың қоғамдық өмірі үшін өте маңызды орталық болмақ. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай,

Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. Сонымен қатар Достық үйлері тағы бірнеше қала мен аудан орталығында ашылады деп жоспарланып отыр. Мен бұл бастаманы қолдаймын. Біз қоғамдық келісім инфрақұрылымын біртіндеп кеңейте беруіміз керек. Барлық аймақтағы Достық үйлерін өз азаматтарымыз да, қажет болып жатса, шетелдік қонақтар да баратын туристік бағыттар картасына енгізген жөн. Құзырлы орган басшылары мен әкімдер Ассамблеяның этномедиаация саласындағы жұмысына жан-жақты қолдау көрсетуге тиіс. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік мен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе, журналистер клубына қатысты кезек күттірмейтін міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

Үшіншіден, «Бірлігіміз–әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері–Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс.

Қазақстанда 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ ерекше төрт этнос театры, яғни, ұйғыр, корей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзайымы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Алматыда бәрінің басын қосып, Қазақстан этностары театр өнерінің фестивалін өткізсек болады. Халық көп келеді деп ойлаймын.

Наталья Дубс ханым театр мен мәдениет саласына техникалық мамандарды даярлау мәселесін орынды көтеріп отыр. Бұл бастаманы зерттеп, оны жүзеге асыруға көмектесу қажет.

Соңғы жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгерді. Экономикада жүйелі реформалар қолға алынды. Ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгере бастады. Соңғы жылдары саяси оқиғаларға баға беру тұрғысынан халқымыздың көзқарасы да жаңа сипатқа ие болды. Алға қарай адымдап қадам басты деуге болады. Біз заманауи және алдыңғы қатарлы қоғамға айналдық. Мұның бәрі біздегі қоғамдық келісім үлгісіне де тың талаптар қояды. Кеше ғана тиімді саналған әдіс-тәсілдер бүгін жарамсыз болуы мүмкін.

Бізге ескіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып, зерделдеу қажет. Ең әуелі, Ассамблея қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қараған жөн. Менің түсінігімде Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуы керек.

Аталған нақты міндеттерді жүзеге асыру ұлтаралық қарым-қатынас сияқты маңызды әрі нәзік салада, жалпы идеология бағытында атқарылып жатқан ауқымды істерді жаңа

мазмұнмен толықтыратынына сенімдімін. Ұлтаралық келісім мен тұрақтылықты нығайту – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі және солай болып қала береді. Қазақстанда келісім, төзімділік, достық ұғымдары құр ұран емес, азаматтардың күнделікті өмір салтына айналған құндылық. Ауқымды қақтығыстар, сауда соғыстары, адам өмірінің құнсыздануы кезеңінде бейбітшіліктің қадірі ерекше арта түсті. Өйткені, бұл – дамудың басты кепілі. Барлығымыз қалқадерімізше бейбітшілікті сақтауға атсалысамыз. Мен бұған дейін барлық әкімдерге тұрақты түрде этносаралық, ұлтаралық келісім мәселесіне арналған жиналыс өткізіп тұруды тапсырдым. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы маңызды саланы жіті назарда ұстауы керек. Этносаралық және конфессияаралық қатынас мәселесін ешқашан саясат немесе түрлі арандату құралына айналдыруға болмайды. Бұл – мемлекеттің де, бүкіл қоғамның да бұлжымас қағидасы.

Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтарға бірдей мүмкіндік берілген. Бұл – нағыз әділдік, әділетті мемлекеттің ажырамас бөлігі. Тағы да айтарым: елдің бірлігі мен татулығы ең негізгі құндылықтарымыздың қатарында тұр. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты тұғыры. Болашақта да солай болмақ. Осы стратегияның арқасында түрлі этнос өкілдері бір шаңырақтың астында бір үйдің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатыр. Бұл – мағынасы терең нақты жетістік. Отаншылдық, азаматшылдық, өзара сенім мен жауапкершілік – Қазақстан халқының жалпыұлттық бірегей болмысын айқындайтын құндылықтар. Қазақ жерінде тұрып жатқан барлық этнос өкілдері өздерінің тілін, мәдениетін және салт-дәстүрлерін жан-жақты дамыта алады. Оған қажетті барлық жағдай жасалған. Біз біреуге еліктеп, жан-жағымызға жалтақтаған емеспіз. Ең бастысы, ұлтаралық қатынастар саласында озық әдіс-тәсілдерді қолданып, тек алға қарай жүрдік, болашақта да солай болу керек.

Соның арқасында біздің елімізде қалыптасқан қоғамдық келісім үлгісі шын мәнінде біздің халықаралық «брендiмізге», беткеұстар жетістігімізге айналды.

Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл–мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз populistік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Әрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты. Бұл жөнінде журналист Алла Гаврина дұрыс пікір айтты. Меніңше, ол басқа да әріптестерінің атынан өте жақсы ұсыныс білдірді.

Бүгінде түлектердің 80 пайызға жуығы Ұлттық бірыңғай тестілеуді мемлекеттік тілде тапсырады. Биыл алғаш рет мектепке баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқитын болады.

Әрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлеуге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып

отырмыз.

Былтыр мен Ұлттық құрылтай отырысында бірлік, отаншылдық, тәуелсіздік және келісім мемлекетіміздің негізгі құндылықтары деп атап көрсеттім. Бәрі де осы құндылықтардан басталады. Сондықтан осы жерде тағы да қайталап айтқым келеді: халқымыздың татулығын бұзып, ел ішіне іріткі салғысы келетіндер заңға сәйкес қатаң түрде жауапқа тартылады, тиісті жазасын алады. Ал ынтымақ пен бірлікті нығайтуға үлес қосқан азаматтар әрдайым зор құрметке ие болады.

Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жиіркенішті қорлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатудың жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатаң тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпаққа болмайды. Бұл Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті, мемлекеттік органдарды бопсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демократияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн.

Жақында шетелдік үкіметтік емес ұйымдардың әрекеттері әшкереленді. Сонда олардың арам ниеті, ашкөздігі мен Қазақстанға жаны ашымайтыны анық көрінді. Сондай-ақ кейбір танылған мал грант алушы отандастарымыздың көлеңкелі әрекеттері де белгілі болды. Қазақстанда проблема жоқ демейміз. Әрине, басқа елдердегідей бізде де түйткілдер бар. Бірақ біз оны әлдекімдердің үйретуімен немесе әдістемесімен емес, өзіміздің ұлттық мүддемiз бен заңнама аясында шешемiз. Осындай қисынды әрекеттерімізді халқымыздың басым көпшілігі мен ниеті адал халықаралық серіктестеріміз дұрыс түсінетініне сенімдімін. Идеологиялық өшпенділік– біздің дүниетанымымызға мүлде жат. Дәстүріміз бен құндылықтарымыз, болмысымыз бен өмір салтымыз ұлтымызды біртұтас тарихи-мәдени және саяси қауым ретінде біріктіріп, тұтастығын бекемдейді.

Көк паспортымыз ұлттық бірегейлігіміздің айқын нышанына айналды. Жыл өткен сайын төлқұжатымыздың абырой-беделі көтеріліп келеді. Бұл халықаралық қауымдастықтың бізге деген қызығушылығы артып, еліміздің ықпалы күшейе түскенін көрсетеді. Әр құрлықтағы түрлі мемлекеттің азаматтары тұрақты тұру немесе демалу үшін біздің елді жиі таңдайтын болды. Бұл–кездейсоқтық емес. Қазақстан беделді халықаралық рейтингтердегі қауіпсіздік индексі бойынша айналамыздағы көптеген мемлекеттердің бәрінің дерлік алдында тұр. Ал заң үстемдігі индекcіндегі «Тәртіп пен қауіпсіздік» көрсеткіші бойынша, 142 елдің ішінен 43 орынға табан тіреді.

Мұның бәрі Қазақстанды жайлы әрі өмір сүруге қауіпсіз аумаққа айналдыруға бағытталған күш-жігеріміздің нәтижесі. Қастерлі Отанымызды көркейту–баршаға ортақ парыз. Менің бастамамен былтырдан бері «Таза Қазақстан» акциясы жүзеге асырылып жатыр. Жалпыұлттық жобаға 6 миллионнан астам адам қатысты. 1,6 миллион тоннадан аса қоқыс жиналды. 3,3 миллион көшет отырғызылды. «Таза Қазақстан», бұл–біздің бүгінгі және ертеңгі күніміздің кепілі.

Сондықтан жұмыс үздіксіз жалғаса береді. Біз әр азаматтың, әсіресе, жастардың бойына тазалық, ұқыптылық, жауаптылық сияқты қасиеттерді сіңіруіміз керек. Таза я тазалық, бұл – киелі сөздер. Ары таза адам ешқашан елін сатпайды. Біз «Қазақстан – ортақ үйіміз» деп үнемі айтамыз. Сондықтан еліміз таза, тартымды, мәдениетті болуы керек. Ассамблея бұл идеяны жан-жақты дәріптеп келеді. Бұл – өте тиімді әрі пайдалы жұмыс. Тазалық әр үйден басталуы керек. Сонда ғана «Таза Қазақстан» боламыз. Кішкентай кезінен тазалыққа үйренген бала кейін жауапкершілігі жоғары, саналы азамат болып өседі. Елге жанашыр болады. Сондықтан бүгін мен Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерін, барлық этномәдени бірлестіктерді «Таза Қазақстан» жалпыхалттық акциясына белсене қатысуға шақырамын. Бұл–жай науқа емес, бұл–өске-лең ұрпаққа озық білім мен тәлім-тәрбие беру деген сөз.

Еліміздегі барша азаматқа қатысы бар идеологиялық маңызды іске әр қаланың, ауылдың, көшенің және ауланың тұрғындарын жұмылдыру керек. «Таза Қазақстан», бұл–шынайы отаншылдықтың көрінісі. Бәріміз Әділетті, Қауіпсіз және Таза Қазақстанда өмір сүргіміз келеді.

Қазақстан–тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін берік ұстанып келеді. Ел бірлігі–ең алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі – қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Біз бұл туралы үнемі айтамыз.

Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол буыннан тараған миллиондаған адам–қазір Қазақстанның толыққанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүр.

Қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылды. Қазақстаннан да көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралды. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшті. Бірақ олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша ән айтып, қазақтың салт-дәстүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз – бәрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту – тұрақты және үйлесімді қоғамның негізі, еліміздің жарқын болашағының кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің әр шаңырағы, әр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кеңінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі, бұл–Наурыз мейрамы. Биыл жаңа тұжырымдамаға сай біз Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл-күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің әр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнығуда.

Бірер күн бұрын достық пен бірлік рухында Пасха мерекесін атап өттік. Шуақты мереке қарсаңында митрополит Александр Қазақстандағы қызметіне 15 жыл толуына орай жоғары мемлекеттік награда – I дәрежелі «Достық» орденімен марапатталды. Биыл православ және католик қауымдарының Пасха мейрамы қатар келді. Мұның символдық мәні зор. Бұл – сирек қайталанатын құбылыс. Орайлы сәтті пайдалана отырып, еліміздегі барша христиандарды осынау мерекені тағы да құттықтаймын. Шетелдік қонақтар Қазақстанда түрлі салт-дәстүрдің бір-бірімен үйлесім тапқанына таң қалады. Бұл олар үшін мультикультурализм және мультиэтникалық тұжырымдамалар тоқырауға ұшырап, тіпті, жоққа шығарылып, ба-тыс әлемі жаһанданудан бас тартып,

оқшаулануға қадам басып жатқан кезеңде қайран қаларлық құбылыс. Біздің іс жүзіндегі тәжірибемізде мәдениетті жатсынбайтын бірегей болмысымызды аңғаруға болады. Діліміз бен тұрмыс салтымыздың бір бөлігіне айналған нағыз халықтық мейрамдарға баса назар аударуымыз қажет. «Наурыз», «Масленица», «Сабантой» және басқа да халықтық мерекелер ас ішіп, аяқ босататын, көңіл көтеретін ғана емес, ұлтымыздың рухы мен тарихын көрсететін іс-шаралар. Қазақстандағы көптеген этностың дәстүрі, тілі, әдет-ғұрпы осы жиындарда тоғысады. Бұл–«Бірлігіміз–әрауандықта» деген қағидаттың нақты көрінісі.

Қазақ қашанда көршісін қадірлей білген. Қуанышта да, қиындықта да көршісіне сүйенген, көршінің қасынан табылған. «Көрші ақысы–тәңір хақысы» деген ұғым дінімізде және дәстүрімізде бар. Бұл–бізге атадан қалған өсиет, анадан берілген қасиет. Халқымыздың тату көршілік дәстүрі әлі де жалғасып келеді. Қоныстас адамдар ұлтына, дініне, тіліне қарамастан араласып, құраласып жатады. Қазақстан көрші мемлекеттермен достықты нығайта түсуге айрықша мән береді.

Ресей – Қазақстанның бұрыннан келе жатқан негізгі стратегиялық серіктесі әрі сенімді одақтасы. Қытай елімен ықпалдастық тамыры да тереңде жатыр. Қытай халқы қазақ халқына ешқашан зиян келтірген жоқ, болашақта да зиян келтірмейді. Алауды тең жайлаған қырғыздар–бір туған бауырларымыз. Ежелден еншілес өзбек ағайынды өз ағам деп қадір тұтамыз. Түбіміз бір деп түрікмендерді туыс санап, шын жүректен құрметтейміз. Қарт Каспийдің жағасындағы әзербайжан еліне деген ықыласымыз да ерекше. Бір сөзбен айтсақ, көрші елдермен қарым-қатынасымыз бауырластық рухында дамып келеді. Біздің арамдықта түйткілді мәселе жоқ. Қазақстан мен Ресей құрлықтағы ең ұзын шекараны әуел бастан даудамайсыз шегендеп алды. Жақында Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан ұзақ жыл бойы шешімін таппаған шекара мәселесі бойынша ортақ мәмілеге келіп, тарихи келісімге қол қойды деп айтуға болады. Біз бауырлас елдер үшін қуанамыз, оларды әрдайым қолдаймыз.

Қазіргідей аумалы-төкпелі заманда ауызбіршіліктің қадірі арта түскені сөзсіз. Бейбітшілік пен тұрақтылық–тағдырдың бізге бере салған сыйы емес. Бұл – бір ел, бір халық болып диқарып жатқан қажырлы еңбектің жемісі. Біз сындарлы сәтте жұрт болып жұмыла білеміз. Бұған былтыр Ақтау маңында ұшақ апаты болғанда тағы бір мәрте көзіміз жетті. Азаматтарымыз зардап шеккен адамдардан көмегін аяған жоқ. Кезекке тұрып, қан тапсырды. Әзербайжан Елшілігіне барып, гүл шоқтарын қойды. Бүкіл әлем халқымыздың ұйымшылдығы мен жанашырлығына тәнті болды. Халқымыздың жүрегі–кең, пейілі–ақ, ниеті–таза. Мейірімділік, қамқорлық және тілеуестік–біздің ұлттық ерекшелігіміз. Біз осы құндылықтарымызды сақтап, өскелең ұрпақтың бойына сіңіруіміз керек.

Құрметті сессияға қатысушылар! Қадірлі отандастар!

Енді екі аптадан кейін әлемдік маңызы бар тарихи оқиға–Ұлы Жеңіске 80 жыл толады. Біз бұл мерейтойды кең көлемде атап өтеміз. Қазақстанның майдангерлері мен тыл еңбеккерлері – барша халқымыз Отан үшін отқа түсті.

Ұлы Жеңістің тағылымы барша халыққа, әсіресе, саясаткерлерге ксенофобияға, нәсілдік және ұлттық үстемдікке, халықаралық құқық қағидаттарын құрметтемеуге құрылған жауапкершіліктен жұрдай саясат жүргізудің салдары қандай қасіретке әкелетінін әлі күнге дейін көрсетіп отыр.

Бірер күн бұрын менің тапсырмаммен Республикалық ономастикалық комиссия елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы шешім қабылдады. Ең алдымен, таңа және атауы

қайталанатын көшелерге басымдық беріледі. Бұл шешім – Ұлы Жеңісті, оған қатысушыларды қаншалықты қадір тұтатынымызды көрсететін маңызды қадам.

Ұлы Жеңіс туралы ұмытпау дегеніміз, бұл – ең алдымен, ержүрек батырларымызды жадымызда сақтау, олардың жанқиярлық еңбегі мен ерлігін, парызға адал және антқа берік болғанын ұмытпау деген сөз. Біз сол сұрапыл соғыс кезінде теңдессіз батырлық пен батылдық көрсеткен отандастарымызды әрдайым орасан зор құрметпен есте сақтаймыз. Мен Жеңістің 80 жылдығына дайындық туралы осыдан бір жарым жыл бұрын алдын ала айттым. Соған сәйкес біз «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» жоспарын арнайы қабылдап, жүзеге асыра бастадық. Осы ауқымды жұмыстың аясында екі мыңнан астам мәдени, ғылыми-зерттеу, ағарту және басқа да іс-шаралар өткізіледі. Ең бастысы, әрине, мемлекет пен қоғамның ерекше қорғауында болатын құрметті ардагерлерімізге айрықша көңіл бөлеміз. Ұлы Жеңістің мерейлі датасын атап өтуге арналған іс-шаралар легі ауқымды әскери шеруге ұласады. Түптеп келгенде, бұл әскери шерудің мән-маңызы зор болмақ. Себебі мұны бір жағынан майдангерлер мен тыңгерлерге тағзым десек, екінші жағынан қазіргі күрделі геосаяси ахуалда ұлттық рухымыздың мықтылығын көрсететін символ деуге болады.

Екіншіке қарай, дүние жүзі сенім дағдарысымен бетпе-бет келген шақта экстремистік идеологияның оралуы, популизм мен талас-тартыстың өршуі, халықаралық құқықтың құнсыздануы, негізгі халықаралық институттардың әлсіреуі байқалады. Сондықтан Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң ұстануды, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келеді. Қазіргі жағдайда БҰҰ баламасы жоқ ғаламдық ұйым болып қала береді. Сондықтан біз БҰҰ-ны қолдаймыз. Еліміз түрлі мемлекеттер мен аймақтардың арасындағы достық пен ынтымақтастыққа, өркениетті диалогты дамытуға дәнекер болу үшін көп күш жұмсап келеді. 20 жылдан аса уақыттан бері барлық негізгі конференциялардың өкілдері әр ұш жыл сайын Қазақстанда бас қосады. Биыл күзде Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының кезекті VIII съезін өткізу жоспарланып отыр.

Былыр Астанада Съездің Ізгілік елшілері сайланды. Олар адамгершілік идеяларын ілгерілетіп, әлемде диалог пен өзара түсіністік орнатуға ықпал етеді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті еңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтық дипломатияның да мол әлеуетін пайдалану керек. Әртүрлі ел мен мәдениет өкілдерінің арасындағы достық байланыс қақтығыстар мен соғыстардың алдын алады. Бұл – ең тиімді тәсіл. Қазақстан халқы Ассамблеясы әлемдегі диалог пен мәдени әралуандықты нығайтуға қызмет етеді. Бүгінде әлем жалпыға ортақ өрлеуге бағытталған жасампаз күн тәртібі мен үлкен жобалардың тапшылығын қатты сезініп отыр. Қазақстан барлық серіктесімен көпжоспарлы әрі нәтижелі жұмысқа ден қояды.

Берекесіздікке бой алдырмау үшін әлемдік қауымдастық мүдделер тоғысатын тұсты іздеуге, күрделі шешімдер қабылдауға және амалсыз мәмілелер жасауға мәжбүр болады. Диалог жоқ жерде, қарсылық пен түсініспеушілік туындайды. Қазіргі сын-қатерлерді ауқымды халықаралық ықпалдастық арқылы ғана жеңе аламыз деп сенемін. Өзара біте қайнасқан әлемде ғаламдық мәселелерді шешудің бұдан басқа жолы жоқ. Сондықтан прагматизм мен өзара құрметке, теңдікке, әділдікке, ешкімді алаламауға негізделген сындарлы келіссөздер мен тұрақты байланыстар халықаралық жағдайды оңалтып, шиеленістердің түйінін тарқатады.

Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлыңғыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Біз қолға алған ауқымды жобаларды жүзеге асыра

береміз. Елімізге инвестиция тартып, өнеркәсіп саласындағы әлеуетімізді арттырамыз. Біз қазіргі ахуалды ескере отырып, ұзақ мерзімге арналған мақсаттарымызға қол жеткізу үшін тиянақты әрі тиімді жұмыс істеуіміз керек.

Тағы бір мәселе. Қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популистер мен саясаткерсымақтар бар. Ел мүддесіне қастық ойлаған ондай адамдарға тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Алда күрделі кезең келе жатыр. Оңай болмайды. Бірақ алаңдауға еш негіз жоқ.

Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та артта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бәрін еңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмтылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде әрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйіп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұрынып, байбаламға салынбай, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеуестік болуы керек. Әр істе темірдей тәртіп болуы қажет. Сонда еліміз де орасан зор табысқа жетеді. Баршаңызға мәлім, Заң мен тәртіп – менің стратегиялық бағдарымның арқауы.

Мен әр сөйлеген сөзімде осы қағидаттарға арнайы тоқталамын. Таза Қазақстан, Заң мен тәртіп, Адал азамат идеяларының өзегі де – осы.

Құрметті Ассамблея мүшелері!

Кейбір мемлекеттер үшін этникалық әралуандылық сын-қатердің, сенімсіздік пен төзбеушіліктің белгісі болуы мүмкін. Бірақ бұл біздің жалпыхалттық қазынамыз әрі стратегиялық артықшылығымыз.

Ынтымақ-бірлік, диалог, өзара сенім мен құрмет, азаматтық жауапкершілік – мұның бәрі елімізді қарқынды дамытудың мызғымас қағидаттары.

Осы құндылықтарға арқа сүйей отырып, біз Тәуелсіздіктің зор жетістіктерін сақтап, еселеп, келер ұрпаққа аманаттай аламыз.

Сонда ғана Әділетті Қазақстанды құрамыз. Біз өз жерінде тыныштық пен келісімде өмір сүруге болатынын дәлелдеген, өз тағдырын өзі шеше алатынына көптің көзін жеткізген, болашаққа нық қадам басқан біртұтас ұлтпыз.

Осынау тар жол, тайғақ кешуде еліміздің тәуелсіздігі мен дербестігін нығайтып, барлық қиындықты еңсеріп, мақсатымыздан айнымаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға.

Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-берекесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды белеске айналады деп сенемін.

Біз халқымыздың береке-бірлігін нығайтуға үлес қосқан азаматтарымызға әрдайым құрмет көрсетеміз. Отыз жылда жеткен жетістіктеріміз осындай абзал жандардың еселі еңбегінің жемісі екені сөзсіз.

Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Шын мәнінде, қоғамда татулық болмаса, басқа жұмыстың бәрі бекер болмақ. Береке-бірлігімізді сақтай алмасақ, қастерлі Тәуелсіздігіміздің баянды болуы да екіталай. Еліміздегі тұрақтылықты нығайту үшін Ассамблея мүшелері табанды еңбек етіп келеді. Мен баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын. Алдағы уақытта да ел игілігін арттыруға мол үлес қоса бересіздер деп сенемін.

Мен бүгін бірқатар азаматты жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттау туралы шешім қабылдадым. Енді салтанатты рәсімге көшейік.

Ассамблеяның мерейтойы құтты болсын! Бірлігіміз бекем болсын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Қастерлі Отанымыз – Қазақстан жасай берсін!

(Соңы. Басы 1-бетте).

«Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары» мемлекеттік мекемесі <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталы арқылы сауда-саттықтың Жер учаскелерін немесе жер учаскелерін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттық (аукциондарды) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында электрондық түрде жер учаскелерінің меншік құқығын сату аукционын өткізеді

Сауда-саттықтың ағылшын тәсілі бойынша аукцион өткізу шарттары. Ұйымдастырушы объектіні бастапқы бағасы мен бағаның ұлғаю қадамын хабарлайды. Аукционға қатысушылар жарияланған қадам бойынша бағаны көтереді. Объект бойынша сауда-саттық объектінің ең жоғарғы ұсынылған бағасына дейін жүргізіледі. Егер объект бойынша сауда-саттық қатысушылардың саны екіден кем болмаса, сауда-саттық өткізілді деп есептеледі.

Жер учаскелерін сату шарттары: нысаналы мақсатына сәйкес пайдалану, игеру шартын жасау, объектісін жобалау үшін сәулеттік жайғастыру тапсырмасын алу, сервитуттар беру, жер төлемін уақытылы енгізу.

Ауыртпалықтар (шектеулер): инженерлік коммуникациялардың қорғау аймағын сақтау және оларды жөндеу және қызмет көрсету үшін кедергісіз кіру мүмкіндігін беру.

Қосымша шарттар: құжаттардың бастапқы пакетін рәсімдеу бойынша шығын сомасын сатып алушымен өтеуге жатады.

Сауда-саттықта анықталған учаскенің құны: 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды және 30 (отыз) МРП АЕК-ден аспайды.

Өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: Аукционға қатысушыларды тіркеу хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және аукцион басталғанға дейін 20 минут бұрын аяқталады. Өтінімдерді қабылдау және тіркеу мерзімі аяқталғаннан кейін түскен өтінімдер қабылданбайды.

Аукционға қатысушы ретінде тіркелген үшін: аукционға қатысуға өтініш, тұлғасын куәландыратын құжат, кепілдік жарна енгізілгенін растайтын төлем құжатының көшірмесі, өкілдің өкілеттігін куәландыратын құжат ұсынылуы қажет. Заңды тұлғалар қосымша нотариалды расталған Жарғының және заңды тұлғаны тіркеу туралы куәліктің көшірмелерін ұсынады. Төлемнің бастапқы бағасының нысаны мен шарттары:

Бір кепілдік жарна бір жер учаскесін сатып алуға құқық береді.

Аванстық төлем сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап бес банктік күннен кешіктірмей мерзімде аукцион барысында белгіленген бағаның 15 (он бес) %-ын құрайды, бірақ 50 (елу) айлық есептік көрсеткіштен кем болмайды. Кепілдік жарна тиісті аванстық төлем есебіне алынады;

Кепілдік жарна <https://e-auction.gosreestr.kz> веб порталында (IBAN/ИИК) в АО «Народный банк Казахстана»: KZ94601711100000330; БИК:HSBKKZKX; КНП:171; Кбс: 16.

Жібек жолы көшесі №40 үй «Созақ ауданы әкімдігінің Жер қатынастары бөлімі»

Анықтама үшін телефоны: 8/72546/ 4-27-69; 8-700-746-37-17

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 15 қазандағы №297 бұйрығы, Созақ ауданы аумағынан сауда-саттыққа (аукционға) түсетін жер учаскелерінің тізімі

№	Орналасқан жері	Нысаналы мақсаты	Көлемі, га	Құқық түрі	Аукционды өткізу тәсілі	Жер телімінің бастапқы (төменгі) бағасы теңге	Аукцион өтетін уақыты	Кепілдік жарна бастапқы соманың 15% бірақ 30 АЕК төмен болмауы керек
1	Сызған ауылдық округі	Құрылыс нысанын жүргізу үшін	1,6 га	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	3 200 000	02.05.2025 11:00	480 000 тг
2	Таукент кенті	Мал бордақылау алаңының құрылысы үшін	600 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	97 680	13.05.2025 11:00	196 600 тг
3	Қымкент ауылдық округі	Жанар- жағар май құю бекетінің құрылысы үшін	5000 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	1 540 000	08.05.2025 11:00	231 000 тг
4	Шолақорған-Түркістан бағыты	Сауда қатарлары СТО вулканизация және халыққа қызмет көрсету жайлары ғимараты үшін	2000 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	1 530 000	14.05.2025 11:00	229 500 тг
5	Таукент кенті, Жыныс ата тас жолы	Жанар жағар май бекеті, СТО дүкен құрылысы үшін	1500 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	1 113 000	13.05.2025 15:00	196 600 тг
6	Шолақорған Түркістан бағыты	Халыққа қызмет көрсету орталығы құрылысы үшін	3000 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	2 295 000	08.05.2025 12:00	344 250 тг
7	Жартытөбе ауыл округі	Фельдшерлік акушерлік пункт	750 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	225 750	13.05.2025 11:00	196 600 тг
8	Жартытөбе ауыл округі	Жабық футбол алаңы құрылысы үшін	1200 ш/м	Жеке меншік құқығын сатып беру	Электрондық түрде	283 800	13.05.2025 11:00	196 600 тг

Аудандық жер қатынастар бөлімі.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу

Бұл шөлді аймақтарда жиі кездесетін вирус тудыратын өте қауіпті жұқпалы ауру. Бұл ауру өрте заманнан белгілі, онымен тек адамдар ғана ауырады. Кейбір жағдайларда ауру ауыр және науқастың органдарынан қан кету нәтижесінде өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан бұл қауіпті дерт елімізде «қара өлім» деген атпен кеңінен тараған. Аурудың жасырын кезеңі бірнеше күннен 14 күнге дейін, орта есеппен 5-7 күнге созылады. Көп жағдайда ауру жедел басталады, дене қызуының көтерілуімен (39-40С), қалтырау, бас ауруы, шаршау, бұлшық еттердің ауыруы, денеде, қызыл иекте, мұрында, асқазанда бөртпелер пайда болады- қан кету сияқты белгілермен көрінеді. ішектер. Кейбір органдар, соның ішінде бүйрек зақымдалады, соның салдарынан арқа ауырады, науқастың жағдайы нашарлайды, түнде ұйықтамайды. Ауру басылған кезде науқастың қызуы көтеріледі, бірақ қан кету және бүйректің зақымдануы байқалмайды. Кейбір жағдайларда ауру симптомсыз өтуі мүмкін, яғни денеде бөртпе жоқ, органдардан қан кетпейді. Қашан және қандай жолдармен беріледі? Ауру сәуір, мамыр, маусым айларында жиі кездеседі. Оның маусымдылығы кенелердің белсенділігіне тікелей

байланысты және аурудың 80 пайыздан астамы 20-60 жас аралығындағы ер адамдарда кездеседі. Біздің республикада ірі және ұсақ жануарларда кездесетін кенелер ауру вирусының тасымалдаушысы және тасымалдаушысы болып табылады. Адамдар кене шағуынан және қолдың кене қанымен ластануынан жұғады. Дені сау адам осы аурумен ауыратын науқастың қанымен, сондай-ақ медициналық процедуралар (инъекциялар, инфузиялар, операциялар, қан алу және т.б.) арқылы жұғады.

Аурудың алдын алу үшін төмендегі ұсыныстарды орындаңыз: сәуір-шілде айларында мүмкіндігінше шөлді аймақтарға (табиғат құшағына) бармау; шөлді аймақтар мен базарлардан ұсақ және ірі мүйізді малдарды кенеге қарсы емсіз үйге әкелмеу; ірі қара малда кене табылса, дереу ветеринарға хабарласып, олардың ұсынысы бойынша кенеге қарсы ем қолдану; кенелерді қолмен ұсақтамаңыз және қайшымен кеспеңіз; малды және олар тұратын орындарды толық және сапалы дезинфекциялау; қыркү маусымына жас балалар мен жасөспірімдерді тартпау; кесу кезінде тек арнайы киімдерді (қолғаптар, жеңі мен аяғы тығыз жабылған шалбар, жилет, резеңке етік) пайдаланыңыз; кесу кезінде жеке гигиена ережелерін мұқият сақтау қажет.

М.ФАФУР,
Созақ аудандық СЭБ басқармасының басшы м.а.

Кенеден сақтанайық!

Кенелер аса қауіпті жұқпалардың тасымалдаушылары болып, кене энцефалиті, көкала тәрізді қауіпті аурулардың қоздырғыштарына тасымалдайды. Кене энцефалитінің ең көп жерлері Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында кездеседі. Олар ауа-райы қолайлы өлкелерде өсіп-өнеді және сондай жердің тұрғындарына қауіп туғызады. Негізнен кенелердің қауіп төндіру кезеңдері жыл мезгілінің көктем айларынан бастап күздің алғашқы айларына дейін ұлғаяды. Кенелік энцефалит-орталық жүйке жүйесінің жедел вирусты ауруы, эндемиялық табиғи ошақтарда трансмиссивті (кененің шағуы) немесе алиментарлы жолмен (инфекцияланған сүт) арқылы жұғады. Кенелер адамдар мен жануарларға қан сору мақсатында ғана шабуылдайды, сондықтан оларды дер кезінде табу және теріден дұрыс тымсығыммен қоса алып тастау адам денсаулығы мен өмірі үшін маңызды болып табылады. Сондықтан кене энцефалитінен сақтау үшін кенелерден қорғану жолдарын есте сақтауымыз қажет. Шөп жинау кезінде кенелердің шөп арасында қыстайтынын есте сақтаңыз; ешкі және сиыр сүтін міндетті түрде қайнату керек, себебі сүт қоздырғышпен залалдануы мүмкін.

нуы мүмкін.

Есте сақтайтын қағидалар: ешқашан терідегі кенені сықпаңыз, өйткені кене ішінде вирустар мен патогенді организмдер бар. Тіпті қолдың ашық жаралары немесе сәл тыртықтар арқылы жұқтыруға болады; кенені жұлмаңыз, өйткені жұлу кезінде кене басы теріде қалып кетеді де, улы сөлі адам ағзасына тарала береді; кенені тіспен жұлуға болмайды, қоздырғышты жұқтыру қауіпі жоғары.

Сондықтан денеге жабысып тұрған кенені байқасаңыз, жедел дәрігерге көрініңіз.

Конго-Қырым қанды қызбасының алдын-алу мақсатында, Түркістан облысы аумағындағы аудан, қала, ауыл округтерге жергілікті аудан, қаладағы «Ветеринарлық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын мамандарымен ауыл шаруашылығы жануарларына және мал қораларына кенеге қарсы дезинсекция жұмыстары 2-кезеңде жүргізіледі. Кенені жою үшін қораға жасайтын залалсыздандыру (дезинсекция) жүргізу алдын қора жайларды механикалық тазалаудан өткізу керек. Сондықтан Қора-жайларыңызды тазалап, ауылшаруашылығы жануарларына кенеге қарсы бүрку, тоғыту, қора-жайларды залалсыздандырудан қалдырмаңыздар.

ТО Ветеринария басқармасының «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ Созақ аудандық филиалы.

Химиялық уланудың алдын алу

Адамдардың өмірінде химиялық заттардың (ауыл және қосалқы шаруашылықта, саяжай учаскелерінде және т.б.) кеңінен қолданылуына байланысты соңғы уақытта адамдар мен жануарлардың денсаулығына әртүрлі улы химикаттар мен минералды тыңайтқыштар үлкен қауіп төндіреді. Қазір көктем-жазғы маусымның басталуымен улы химикаттар жиі қолданылады, сондықтан оларды сақтау мен қолдану кезінде өте сақ болу керек. Уланудың алдын алуда пестицидтер мен агрохимикаттарды дұрыс сақтау маңызды рөл атқарады. Пестицидтерді ұқыпсыз сақтау және дұрыс пайдаланбау олардың жем, су, ауа, адамдардың тамақ өнімдерін ластауына әкеп соғады. Мұның бәрі адамдар мен жануарлар үшін өте қауіпті. Уланудың клиникалық көрінісі уланудың сипатына байланысты. Химиялық заттармен улану көбінесе өткір болады және тәбеттің жоғалуы, сілекей, құсу немесе лоқсу, диарея, дірілдеу, құрысулар, паралич және жалпы әлсіздікпен қатар жүреді. Уланған жануарлар тұра алмайды, ыңыранады және көбіне тез тез өліп қалады. Пестицидтерді пайдалану кезінде уланудың алдын алу үшін әрбір препаратты қолдану әдістерімен мұқият танысып, өңдеу мен өнімді жинау арасындағы куту мерзімдерін ескеру, жеке қорғаныш құралдарын қолдану кезінде препаратты қолдану жөніндегі нұсқаулықты мұлткіз орындау қажет. Улы химикаттармен жасалатын барлық жұмыстарға кемінде 18 жасқа толған, медициналық тексеруден өткен және осы жұмыстарға рұқсат берілген адамдар ғана жіберіледі. Бала емізетін және жүкті әйелдерді, жасөспірімдерді және емделмейтін жаралары бар адамдарды машиналармен жұмыс жасауға тыйым салынады. Өндірістік уланудың алдын алу мақсатында жұмысшылардың организмне ұйытты заттардың түсу қаупін жою немесе едәуір дәрежеде азайтатын іс-шаралар жүргізілуі тиіс. Далаға төгілген хнтақ немесе төгілген сұйық пестицидті топырақпен жабу керек. Улармен жұмыс істеу кезінде темекі шегуге, тамақ ішуге тыйым салынады. Жұмыс аяқталғаннан кейін жұмысшылар қолдарын сабынмен мұқият жуып, шаңды улармен жұмыс істегеннен кейін құлақтарын, мойындарын жуып, аузын шаю керек. Жұмыс орнында алғашқы көмек көрсету үшін улы химикаттармен уланған жағдайда қажетті көмек көрсету құралдарының жиынтығы бар дәрі қобдишасы болуы тиіс. Ұйытты улану жағдайларын болдырмау үшін барлығын, соның ішінде жеке бизнес, ұжымдық, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы өкілдерін, пәтер және жеке үй иелерін көрсетілген ережелерді қатаң ұстануға, улы химикаттарды пайдаланған кезде абай болуға шақырамыз.

Созақ аудандық СЭБ басқармасы.

Орманда өртке абай болайық!

Көктем келіп, күн жылынғалы аудан тұрғындары таза ауада, табиғат аясына шығып демалуды жөн көретіні бәрімізге белгілі. Бірақ сол азаматтардың көпшілігі орманда тазалықты және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейтіні қынжылтады.

Темекі тұқылдарын кез келген жерге тастай салмай жауапкершілікпен өшіріп тастаса, тұтатқан шырып қалдығының да алаңсыз өшкенін қадағаласа, үлкен өрттің алдын алған болар едік. Жаққан оттың қалдықтарын өшірмей тастап кету де өртке себеп болады. Өйткені күннің бұзылуы, желдің өршуі өрт тудырады. Табиғатқа шыққанда тамақ, кәуәп пісіріп болған соң қадағалап сумен өшіріп, орнын топырақпен жауып кету өрттің алдын алуға үлкен мүмкіндік беретінін ескерсеңіздер екен. Алдағы уақыттарда да біз орман қызметкерлері ауданымыздың табиғат аясын қорғай отырып адамзат игілігі жолында қарқынды жұмыс атқара береміз.

Орман өрті көбінесе құрғақшылық жылдары, жаздың аптапты ыстық күндері болады. Оның негізгі себебі – ауыл шаруашылығы қалдықтарын өртеген кезде қауіпсіздік талаптарының бұзылуынан туындайды. Орман өрті ағаш қорын кемітумен қатар, ағаштың өсуін нашарлатады, жалын шарпыған ағаш құрайды, жел, дауылда сынғыш келеді. Көбіне көптеген азаматтар өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтай бермейді. Салдарынан таулы аймақта орман өрттері орын алуы мүмкін.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл кәңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білеміз. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасақана бүлдірушілерден сақтай білейік.

Ш.БЕКЖАН,

Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің ОӘСС меңгерушісі.

Сұлтанбек Қожанов атындағы өлке тану музейінің ұжымы осы музейдің директоры

Әлжанов Роланның

қайтыс болуына байланысты марқамның отбасына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «КАТКО» БК» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Қоғамдық тыңдаулар Түркістан обл., Созақ а-ны, Тасты а., Түркістан облысы, Созақ ауданы, Тасты ауылы, А. Иманов көшесі, 15 үй, Әкімдік ғимаратында мекен жайы бойынша 2025 жылғы 5 маусымда өтеді:

- сағат 11.00-де - «Мойынқұм кен орнын игеру жобасы (№1 (Южный) және №2 (Төртқұдық) учаскелері)» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша.

- сағат 12.00-де - «Мойынқұм кен орнының №1 Южный және №2 Төртқұдық учаскелеріндегі өндірістік кешендердің технологиялық құбырларын кеңейту» ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша.

2. Әсер ету аумағы: Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Созақ ауданы. Координаттар: 69,12'31,77" СЕ, 44,30'19,25" ШБ.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтемелер бойынша өту қажет:

- сағат 11.00-де: <https://us04web.zoom.us/j/-6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtZXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596; қатынау коды 123456.

- сағат 12.00-де: <https://us04web.zoom.us/j/-6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtZXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596; қатынау коды 123456.

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу сұрақтары бойынша жоспарланған әрекеттің бастамашысымен байланысыңыз.

4. Жоспарланған жобаның бастамашысы: «КАТКО» БК» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Түркістан обл., Созақ а-ны, Тасты а., 060 кварталы, 44 ғимарат. БСН 981040001439. тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.

5. Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС (2014 жылғы 26 қарашадағы № 01714Р мемлекеттік лицензияны КММ «Мұнай-газ секторындағы экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті» мемлекеттік мекемесі берген. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі). Мекен-жайы: Алматы қ., Бұхар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

6. Жобалық құжаттама пакетімен ақпараттық жүйенің сайтында <https://ndbecology.gov.kz> танысуға болады, сондай-ақ ЖАО сайтында «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ.

7. Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «КАТКО» БК» ЖШС. Байланыс тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

8. Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйенің сайтында ndbecology.gov.kz қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей қабылданады, сондай-ақ мына мекен-жай бойынша: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан қ., Жаңа қала ш/а, 32-көше, 20. e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845.

Объявление

ТОО «СП «Катко», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

1. Общественные слушания состоятся 05 июня 2025 года по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Тастинский с.о., с. Тасты, ул. Аманкелди Иманова, д 15., здание сельского Акимата:

- в 11.00 часов - по отчету о возможных воздействиях РП «Проект разработки месторождения Моинкум (участки №1 (Южный) и №2 (Торткудук))»;

- в 12.00 часов - по отчету о возможных воздействиях к РП «Расширение технологических трубопроводов добычных комплексов на участках №1 Южный и №2 Торткудук месторождения Моинкум».

2. Территория воздействия: Республика Казахстан, Туркестанская обл., Сузакский район. Координаты центра участка: 69,12'31,77" СШ, 44,30'19,25" ВД:

Для участия в общественных слушаниях необходимо пройти по ссылкам:

- в 11.00 часов - <https://us04web.zoom.us/j/-6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtZXJnTkNRUT09>;

Идентификатор конференции: 616 540 8596; код доступа 123456.

- в 12.00 часов - <https://us04web.zoom.us/j/-6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtZXJnTkNRUT09>;

Идентификатор конференции: 616 540 8596; код доступа 123456.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефонам инициатора намечаемой деятельности.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Катко». Адрес: РК, Туркестанская обл., Сузакский р-н, с. Тасты, Квартал 060, здание 44, БИН: 981040001439, тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group.

5. Разработчик: ТОО «АНТАЛ» (Государственная лицензия №01714Р от 26.11.2014 г. выдана РГУ «Комитет экологического регулирования, контроля и государственной инспекции в нефтегазовом комплексе. Министерство энергетики РК»). Адрес: г. Алматы, Бухар Жырау 33, БЦ «Жеңіс», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz

6. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz>, а также сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области».

7. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «СП «Катко». Контактный тел: +7(702)-453-45-65, e-mail: ulugbek.iskakov@orano.group. или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42. e-mail: office@antal.kz.

8. Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: г. Туркестан, мкр. Новый город, улица 32,20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845.

Сексеуілді кесуге тыйым салынады

Сексеуіл құмды шөлдін қорғаны болып табылады. Олай дейтініміз құмды бекітіп ұстап тұрады. Сексеуілдің жас өскіндері түйеге, қойға жақсы азық. Оның себебі жас бұтақ жапырақтың қызметін атқаратын болғандықтан құрамында малға қажетті барлық органикалық заттар болады және көп суы бар. Бұл малға бір жағынан азық болса, екіншіден сусын. Сексеуіл шөлдін тірі қазба байлығы болып табылады. Оның себебі отқа жаққан-

дағы қызуы жағынан нағыз қазба байлық тас көмірден кем түспейді. Сексеуіл күлінен сақар (тыңайтқыш) өндіріледі. Сексеуілдер қоршаған ортаның тепе-теңдігін сақтап тұрда ерекше орны бар. Дүлей соққан желден құм көштерін тоқтатады. Сексеуілдерді қорғаныш ететін жан-жануарлар мен жәндіктер қаншама. Әсіресе тұз тағылары киіктерге сексеуілдер арасы өсіп өнулеріне өте қолайлы. Қазақстанда қолданылуы мен жойылуы. Қазірге дейін жұрт сексеуілдерді отқа тамызық ретінде пайдаланатын. Нарықтық қатынастың алғашқы жылдары бұл жағдай күрт өзгерді. Көмірдің жетіспеушілігі мен қымбаттаушылығы елді мекендерде тұра- тындарға ауыр тиіп, сексеуілді таза отын ретінде

қолдана бастады. Бұрын ауыл іргесінде өсетін сексеуілдерді қазір елу, алпыс шақырым қашықтықтардан ғана көре аламыз. Сондықтан да табиғат ананың сыйын қадірлей білейік.

Сексеуілдің жас бұтақтары мен тұқымын түйе жыл сайын күзде және қыста жейді. Оның тамыры 10-11 метр тереңдікке дейін кетеді. Сирек те болса араарасында бұтақтарының биіктігі 5 метрге дейін өсетіндері бар. Сексеуіл сияқты дала еркесіне аялы алақан мен жылы көзқарас аса қажет.

Қанат АБЕНОВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің аға орманшының көмекшісі.



Жанат ұстаздың жыр кеші

Жақында жергілікті ақын, ұстаз Жанат Райымбекованың шығармашылығына арналған «Жауқазын жырылар-жан сырым» аудандық мәнерлеп оқу байқауы өтті.

Райымбекова Жанат Керімбайқызы 1964 жылы Жамбыл облысында дүниеге келген. 1987 жылы Әл-Фараби атындағы ҚАЗМҰУ-дың филология

факультетін бітіріп, І.Кеңесбаев атындағы білім беретін мектептің мұғалімі болып, міне бүгінде ұлағатты ұстаз болып, зейнеткерлік жасқа келді.

Райымбекова Жанат апайымыз ұстаздық жолында еңбек етіп жүріп көптеген жетістіктерге жетті. Атап айтар болсақ: аудандық «Жыл мұға-

лімі» байқауының жүлдегері, «Теріскей таланттары» фестивалінің жүлдегері, 2003 жылы баяндамасы облыстық тамыз конференциясында 3-орынға ие болған. 2005 жылы «Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін анықтау барысындағы инновациялық әлеуметтік-педагогикалық жоба» деген тақырыпқа арналған 1 облыстық «Алтын қор» фестивалінде «Сапалы оқулық-білім негізі» атты ғылыми баяндамасы жүлделі 1 орынға ие болып, Облыстық білім беру департаментінің құрмет грамотасымен

марапатталды. Ғылыми жұмысы «Алтын қор» кітабына енді. Жанат Райымбекованың шығармашылығы ол тіптен бөлек дүние. «Өмір-өзен», «Дана ақын», «Мұқағалиға», «Сағыныш-сары жапырақ», «Ауыл жайы» тағы да басқа көптеген өлеңдері баспасөз беттерінде жарияланып, көпшіліктің ықыласына бөленген болатын.

Ұстаздық жолына қоса 20 жылдан астам уақыт «Қауырсын қалам» атты өнер үйірмесін жүргізіп, көптеген шәкірт тәрбиелепте үлгерді. Жанат Райымбекованың шығармашылығына арналған «Жауқазын жырылар-жан сырым» аудандық мәнерлеп оқу байқауын салтанатты түрде Таукент кенті әкімінің орынбасары Марат Ыбыраев, Әділ билер алқасының мүшесі, Созақ ауданының Құрметті азаматы Есбергенов Бердібек көкеміз ашып берді. Байқауға аудан мектептерінен 41 оқушы қатысты. Бас жүлдені Таукент кенті. Рамазан Бекнұр, бірінші орынды Сызған ауылының қатысушысы: Бабайхан Дастан, екінші орынды Қарақұр ауылының қатысушысы: Сайлаубай Асылзат, үшінші орынды Қызылкөл ауылының қатысушысы Ергенқызы Аяулым мен Жуантөбе ауылынан қатысушы Серік Нұрасыл, ынталандыру жүлдесін Бабата ауылының қатысушысы: Сейтқазы Балкер, Қыземшек кенті қатысушысы: Сүтменген Ілияс Бақытұлы иеленді.

**Күйші, композитор
Нұрғиса Тілендиевтің
туғанына 100 жыл**

“ШАБЫТ” жобасы аясындағы шара

Құлыншақ Кемелұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің концерт залында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының “Шабит” жобасы аясында қазақ музыкасының сайыпқыраны, әйгілі күйші композитор, дирижер, домбырашы, КСРО Халық әртісі, “Халық Қаһарманы” Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған «Күймен өрілген ғұмыр» тақырыбындағы әдеби-музыкалық кеш болып өтті. Кештің негізгі мақсаты, әрине, білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Тағылымды іс-шараға танымал күйші, республикалық «Алтын домбыра» номинациясының иегері Ерғали Әлімханұлы Жүзбаев, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын, Тұмартай Дінтайұлы «Созақ үні» газетінің жауапты хатшысы, «Оңтүстік Қазақстан» газетінің Созақ, Бәйдібек аудандарындағы меншікті тілшісі, Халықаралық “Алтын қалам” сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар және журналистер Одағының мүшесі Мақсат Қарғабай, Созақ аудандық білім бөлімінің көркем эстетикалық пәндерінің әдіскері Досолов Ерік, Жартытөбе ауыл округі әкімдігінің бас маманы Оралұлы Мұрат қатысты. Кешті мектеп директоры Марат Маманов ашып, іс-шараның негізгі мақсатына тоқталып, келген қонақтарға алғысын білдірді. Кеш барысында Жартытөбе ауыл клубы меңгерушісі Рустем Әлтеков композитордың “Алатау” әнін орындаса, мектеп мұғалімдері Әсет Рыстыбаев пен Нұрбол Серікбайұлы “Құстар қайтып барады” әнін қос дауыста орындады. 6-сынып оқушылары М.Жарылқасын “Саржайлау”, М.Төреғали “Өз елім” әнін әуелете шырқаса Нұрбол Серікбайұлы жетекшілік ететін “Жас домбырашылар” күйшінің күйлерін орындады. Келген қонақтар Нұрғиса Тілендиев туралы естеліктер айтып өтті. Ақын Т.Дінтайұлы әйгілі күйшіге арнап жырдан шашу шашса, күйші Ерғали Жүзбаев Сүгірдің “Шалқыма” күйін шалқыта орындап берді. Ақын Мақсат Қарғабай мектеп ұжымына домбырамен аталмыш кештің қонақтарына арнау айтып берді.

**Нұрбол СЕРІКБАЙҰЛЫ,
Құлыншақ Кемелұлы
атындағы жалпы орта
мектебінің мұғалімі.**

Мақсат ЖЕҢІСҰЛЫ.



Таукент кентіндегі мәдениет үйінде ұстаз, ақын Гүлсара Әлімжанқызы Бақбергенованың «жапырағын жайған бәйтерек» атты шығармашылық кеші өтті. Сүйікті кәсібі ұстаздықтан қолы қалт еткенде шабыт пырағына мінген шынашақтай қыз осы күнге дейін 50-ге жуық өлеңдердің авторы екен. Айтар ойы, мәнді мағынасыбар болса да әзір өлеңдерін кәсіпқой ақындардың шығармаларымен салыстыруға келмес, десе де «көш жүре түзеледі» демекші ақын өлеңдерінде оқырмандарына ой салар дүниелер бар екен. Гүлсара сонау 1966 жылы Созақ ауылында дәрігер отбасында дүниеге келіп, жоғары оқу орнын байырғы астанамыз Қызылорда қаласындағы Николай Васильевич Гоголь атындағы педагогикалық институтының ағылшын тілі пәнінің мұғалімі факультетін бітірген. Шет ел ақындарының төлтумаларын түпнұсқадан оқып, таныған қыздың ұстаздық жолы ерен. Өзінің 37 жылдық еңбек өтілінде шет тілісәласы бойынша 39 түлекгі ағылшын тілін үздік бітіріп әлемнің түрлі қалаларында, бүкіл дүние жүзіне аты мәлім ірі компанияларда аудармашы, маман, кадрлық жұмыс жасап жүр екен. Бұл

үлкен жетістік. Атап айтқанда Авдуахитов Авдуахит Чикагода корпорациясында, Баударбеков Иса «Рехсос» компаниясында, Қойгелдиева Айзада Самұрық қазына компаниясында кадр маманы әрі Ұлыбритания университеттеріне студенттер жіберу агенттігінде жұмыс атқарса, Зинулин Әуелбек Астанада құқық қорғау саласында, Мұратхан Айдана Лондонда Президент жанындағы басқару академиясында қызмет атқарып жүр. Қазіргі таңда ақпараттың дамыған заманы ғой. Ақынның шығармашылық көшінде берісі Алматы, Астанадан бастап, арысы Чикаго, Лондон, Америка елдерінен шәкірттері тікелей эфирде хабарласып ұстаздарын құттықтап жылы лебіздерін білдіріп жатқанда Гүлсара апай түгілі өзіміз, көпшілік көрермен ерекше әсерлі сезімде болдық. Жан жары Шералы екеуі алғаш еңбек жолын Амангелді Иманов атындағы орта мектептен бастап, кейіннен «Суындық» жалпы орта мектептерінде жалғастырып, одан отбасын құрап жарасымды жанұялық жәп атанады. Өмірге ұл мен қыздарды әкеліп, ата-аналық парызын атқарады. Кеш барысында алғашқы шәкірттері келіп құттықтап жатты. Кешке

құрбысы, ауданымызға белгілі ақын Жанат Райымбекова, анасы ұстаз әріптестері, оқушылары мен шәкірт түлектері қатысып ізгі тілектерін білдірді. Кенттегі мәдениет үйінің басшысы Мәди Тәпиев ініміз кештің жоғары деңгейде өтуіне барынша дайындалып, жарық, дауыс, безендіру, бильборд, сахналық көріністермен үлкен экранды әзірлеп қойған екен. Гүлсара апа өзінің бір өлеңінде «Өлеңді, мен өзім үшін жазамын, жариялап, жарнамалап, міндетсіну менде жоқ» деген екен. Осындай қарапайым өз мамандығына адал азаматтар көп болса шіркін! Қандай бақытты! Барлық жетістіктер мен құрметтер кәсіби маманға арналған. Гүлсара ұстаз мамандығының арқасында Америка мен Францияның бірнеше қалаларында, Лондонда болыпты, Созақтың қаршадай қара қызы шет елдіктермен келісім шарт негізінде де жұмыс жасапты. Кезінде «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясын басқарған Мұхтар Жәкішовтің қаржылай және рухани қолдауының арқасында оқушыларымен шет мемлекеттерде болыпты. Компания басшылығы конкурс жариялайды. Сол конкурста Гүлсара апайдың оқушылары үздік деп танылып, Алматықаласындағы елшіліктен тәжірибеден өтіп, Лондон маңындағы Westernburg патшайым мектебінде жеті оқушысыменбірге оқып, демалып, тәжірибе алмасып, білімін көтеріп келген екен. Бұл конкурс қатарынан 2006-2008 жылдары төрт рет өкізіліп, соның төртеуінде апайдың сегіз оқушысы шет елге бару мүмкіндігіне ие болады. Шет елде жүргенде қазақтың қара домбырасын қолдарынан тастамай насихаттап жүреді. Лондон, Оксфорд маңындағы көптеген қалаларды аралап оралады. Таукентке қайта оралсақ, екі сағаттан астам уақытқа созылған кеш ән айтылып, күй тартылып, жыр оқылып көңілімізді бір көтеріп тастадық десек те болады. Қысқасы ақын қыздың шығармашылық кеші жоғары деңгейде өтті. Кент жұртшылығына, мектеп басшылығы мен ұстаздар қауымына, мәдениет үйіне ризашылығымызды білдіреміз.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі
серіктестігі

Директор:
**Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович**

Бас редактор:
**Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы**

Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілші-
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады. Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды. Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басшылығымен, ақпарат агенттігінің және желілік басшылығы есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта
аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолаққорған ауылы, С.Қожанов көшесі 68, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.